



15 маусым, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Жол картасы биыл да жалғасады

5 Қазақ тарихындағы XVIII ғасыр

6 Руханият қазынасын толықтырған

8 Бауырсақ – бургер

● ПРЕЗИДЕНТ



Ықпалдастық арта береді

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың Ауғанстандағы татуластыру жөніндегі арнаулы өкілі Залмай Халилзадты қабылдады.

Кездесу барысында Ауғанстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша Қазақстан мен Америка арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті дамытудың перспективалары, соның ішінде, АҚШ пен НАТО әскерлерінің осы елден шығарылу барысы қарастырылды. Сонымен қатар Ауғанстан мемлекетінің тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық дамуын қайта қалпына келтіру жөніндегі екіжақты және көпжақты іс-қимылдарды үйлестіру мәселесі де сөз болды. Қазақстан Президенті америкалық дипломатқа ілтипат білдіріп, оның бұл сапарының елдеріміз арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты сақтау тұрғысынан маңызы зор екеніне тоқталды.

– Биыл біз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өтеміз. Осы уақыт аралығында біз достыққа және өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген қатынастарды орната алдық. АҚШ – Қазақстанның сенімді серіктесі. Біздің әртүрлі бағыттар бойынша, соның ішінде, сауда және экономика салаларындағы белсенді ықпалдастығымыз жолға қойылған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ауғанстандағы ахуалды реттеу жөніндегі ынтымақтастықты Қазақстан мен АҚШ арасындағы өзара ықпалдастықтың маңызды бөлігі ретінде атап өтті.

Президент Ауғанстанның, Ресейдің, Қытайдың, Орталық Азия мемлекеттерінің және халықаралық ұйымдардың басшыларымен жүргізген келіссөздерінде ауған проблемасы үнемі назарда болатынын жеткізді.

Өз кезегінде Залмай Халилзад Қасым-Жомарт Тоқаевқа жеке кездесуге мүмкіндік бергені үшін алғыс білдірді. АҚШ-тың арнаулы өкілі Қазақстан Президентінің Ауғанстандағы тұрақтылықты қалпына келтіруге бағытталған халықаралық іс-қимылдарға қосқан үлесін жоғары бағалап, еліміздің Орталық Азия өңіріндегі тұрақтылықты сақтаудағы маңызды рөліне тоқталды.

Әңгімелесу барысында Залмай Халилзад Ауғанстандағы қазіргі ахуалға баға беріп, ауғанаралық бейбіт процесі одан әрі дамытуға, ауған бағытындағы барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін үйлестіруге қатысты АҚШ дипломатиясының ой-пікірін ортаға салды.

Құттықтау жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нафтали Беннеттің Израиль Мемлекетінің Премьер-Министрі болып сайлануына байланысты Қазақстан халқының және жеке өз атынан құттықтау жеделхатын жолдады.

– Қазіргі уақытта Израиль әлемдік деңгейде экономикасы қарқынды дамыған, үздік инновациялық технологиясы арқылы халқының әл-ауқатын арттырған халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесі ретінде танылды. Осы ретте еліміздің жетістіктері мен мерейін әрі қарай еселеуге бағытталған Сіздің бастамаларыңыз бен жоспарларыңыздың толық та табысты жүзеге асуына тілектеспін, – делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Израиль арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени салалардағы өзара тиімді байланыстарды дәстүрлі достық пен өзара сенім рухында нығайтуды ортақ мақсат деп санайды. Сондай-ақ осы игілікті жолда күш-жігер жұмылдыруға дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нафтали Беннеттің жауапты қызметіне мол табыс пен сәттілік, ал достас Израиль халқына бақ-береке тіледі.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Жылдар бойы аграрлық сипатта дамыған Сыр экономикасы өткен ғасырдың 80-ші жылдардың басында бір серпілгендей болды. Өңірде мұнайдың алғашқы ұңғымалары атқылады. «Ленин жолының» тілшісі ретінде сонау Жезқазған өңіріне ат басын бұрып, сондағы алғашқы вахталық қалашықта болғаным бүгінгідей есімнен кетпейді. Мұнда барлығы бар. Жапан далада қоныстанған мұнайшылардың бүкіл тіршілігі автономды жабдықтауға қосылған.

СЫР Өңірі

Қазақстанның болашақ мұнай орталықтарының қатарында аталды

Алғашқы мұнайшыларды осы қалашықта кездестірдік. «Манғыстау мұнайгаз» бөлініп шығып, өз алдына Қызылордада отау құрған «Оңтүстікмұнайгаз» шаңырағын көтерушілер қатарында Мұрат Саламатов, Ескожа Бергенбаев, Жеңіс Жалғасов, Қабыл Қыстаубаев, тағы ондаған мұнайшы болды. Олардың барлығы бізге, мұнайлы өлкені көтеруге Қазақстанның Батысынан келді. Негізінен Сырдың тумалары болғандықтан, олар өз туған жеріне деген ыстық ықыластарын, ізгі шуақтарын ала келгендей еді.

Вахталық әдіспен жұмыс істейтін мұнайшыларға Қызыл-

ордадан арнайы тікұшақтар, сол кездің жедел әуе көлігі «АН-2» қатынайтын. Журналистер қауымы да осы көліктермен 200 шақырымдық қашықтыққа сапар шегетін. Біз үшін бір қызық әлем. Қызылорданың мұнайы көп ұзамай өзінің алғашқы 100 мың тонна өнімін, кейін 1 млн тонна «қара алтынын» берді. Осы мерекелік даталар лайықты түрде аталып өтілгенін білеміз. Сыр мұнайы осылайша біздің өндірістік әлеуетімізді арттыра түсті. Көптеген әлеуметтік маңызды нысандар пайдалануға берілді.

3-бет

ҰБТ: 138 БАЛЛ

Мектеп түлектері үшін ең маңызды білім сынағында Сымбат Асылбек ең жоғары 140 баллдың 138-ін жинады. Түлек Шпелі ауданындағы №45 «Ақ орда» мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы.

– Таңдау пәні – қазақ тілі мен әдебиеті. Маған тест сұрақтары қиындық туғызған жоқ. Мектеп қабырғасында алған білім мен қосымша дайындығымның арқасында осындай нәтижеге жеттім деп ойлаймын. Сынып жетекшім әрі пән мұғалімі Гүлнар Қалмырзаға және барлық пән мұғалімдеріне үлкен алғысымды білдіремін, – деді Сымбат Асылбек.

Айта кетейік, Ұлттық тест

30 маусымға дейін жүреді. Әзірге облыс бойынша ең жоғарысы – 138 балл. Ал, осыған дейін екі оқушы 137 балл еншіледі.

«СБ» ақпарат



● ЖОЛСАПАР

Қуаңшылықта туған құлыншақ



“Бар мәселе белгілі ғой. Қуаңшылық құртып тұр. Біздің ауылдың өзінен 46 бас жылқы, 35 бас сиыр көтерем болып өлді. Бұл тіркеуде тұрғандары ғана. Ал негізгі көрсеткіш бұдан да көп болуы мүмкін. Дұрысы, су жағалап, балшыққа батқан мал көп. Тартылған көлдің ұлтанынан кері шыға алмайды. Неге десеніз, тым жүдеу малдың батпақтан өз-өзін суырып алар күші жоқ. Әрі қыстан әлсіз шыққан мал бұл маңайдан не тауып жейді?! Айналаның бәрі ай тақыр. Аймақта қуаңшылық пен су тапшылығы қатты сезіліп тұр. Есімде әлі, 2017 жылы осы ауыл айналысындағы көлдің бәрі шіреп тұрды. Одан кейінгі жылдары дария деңгейі біртіндеп төмендей бастады. Бұған қар мен жаңбырдың болмауын тағы қосыңыз, – дейді ауыл әкімі”.

Жолсапардың толық нұсқасын 4-беттен оқысыздар

БАСПАСӨЗ – 2021

Құрметті оқырман
2021 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде



«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге
мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге

● БӘРЕКЕЛДІ!

Мөлдір Жаңбырбай Олимпиадаға жолдама алды

Қызылордалық Мөлдір Жаңбырбай каратэ-до спортынан Олимпиада жолдамасына қол жеткізді. Осылайша облыстан дүбірлі додада бақ сынайтын жерлестеріміздің саны үшеу болды.

Мөлдір Франция астанасы Париж қаласында өткен лицензиялық турнирде 55 келіде күміс жүлдегер атанды. Ол аталған жарыста барлығы сегіз жекпе-жек өткізіп, оның жетеуінде қарсыластарын қапы қалдырды. Финалда болгариялық спортшыға есе жіберіп алды. Дегенде, Токио Олимпиадасына қатысуға жолдама еншіледі. Жарыс ережесі бойынша үздік үштікке іліккен спортшылар айтулы аламанның лицензиясына қол жеткізеді.

Еске сала кетелік, бұдан бұрын мұндай мәртебеге біздің облыстан боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен еркін күрестен Дәулет Ниязбеков ие болған еді.

Токио Олимпиадасы 23 шілде мен 8 тамыз аралығында өткізіледі. Оған жұмыр жердің 205 елінен 12,5 мың спортшы қатысады деп күтілуде.

«СБ» ақпарат





ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



15 МАУСЫМ

- 1993 жылы Үндістан Республикасында Қазақстан Елшілігі ашылды.
- 2001 жылы «Шанхай бестігіне» Өзбекстан қосылды, нәтижесінде Қазақстан, Ресей, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстан мен Өзбекстан басшыларының «Шанхай ынтмақтастық ұйымы» құрылды.
- 2012 жылы Алматы қаласында әл-Фараби атындағы ҚазУ-дың Халықаралық қатынастар факультетінде Батыстан Ұлттар Ұйымының орталығы ашылды.
- 2017 жылы Қазақстан Республикасының Халықаралық жеке құқық бойынша Гаага конференциясына қосылу рәсімі өтті.
- 2019 жылы Душанбеде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АЭСШК) V саммиті басталды, оған КР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты.

16 МАУСЫМ

- 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі жанынан Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты құрылды. Аталған институтқа Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшылық етеді.
- 2000 жылы елордаға «Қалалар бейбітшілік үшін» ЮНЕСКО сыйлығының сертификаты табыс етті.
- 2011 жылы Ұлттық медициналық холдинг Назарбаев Университетінің құрамына кірді.
- 2016 жылы атты аңызға айналған «Л» сериялы паровоз Сарыөзек стансасының вокзал маңы алаңына орнатылды. Паровоз белгілі конструктор Лев Лебедевскийдің басшылығымен Коломенск зауытында екінші дүниежүзілік соғыстың аяғында шығарылды. Өткен ғасырдың ортасында «Лебединка» бұрынғы Одақтың темір жолдарында жиі пайдаланылған.
- 2017 жылы КР Ұлттық музейінде «Бейбарыс сұлтан және оның дәуірі» көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Көрмеге Бейбарыс сұлтанның өмірі мен ел билеу тарихын баяндайтын Ислам өнері музейі (Қаир к., Мысыр) жинағынан 22 жәдігер қойылды.
- 2017 жылы Астанада Халықаралық түркі академиясы белгілі түрколог, көне және заманауи түркі тілдерінің зерттеушісі Әмір Наджиштің «XIV ғасырдағы түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы сөздігі» атты көптомдық еңбегін таныстырды. Ол Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» шығармасының негізінде жазылған.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Алтын бесік – ауылдың ажары артқанын біріміз қалаймыз. Құтты қоныста елдің жағдайын жақсартқан игілікті істерді естігенде жүрегіміз жылып қалады. Осындай жанашыл бастамалар Жаңақорған ауданының тыныс-тіршілігінде айқын көрініс беріп келеді. Жергілікті тұрғындар таза ауызсуға қол жеткізуде. Мәдениет, спорт салаларында да оң жетістіктер бар. Бау-бақша өсіретін бағбандар саны артты. Өңірлік коммуникациялар қызметі мен аудан әкімдігі тарапынан ұйымдастырылған баспасөз туры барысында сол игілікті істердің барысымен танысуға мүмкіндік туды.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»



БІРЛІК БЕСІГІНДЕ ТЕРБЕЛГЕН ҚҰТ МЕКЕН

ҚАУЫҚҚА АУЫЗСУ КЕЛЕДІ

Дарияның іргесінде қоныс тепкен Қауық ауылы теміржол бойындағы Аққұм станциясының жанында орналасқан. Қазір мұнда бірнеше тұрғын түтін тұтегіп, ауылдың берекелі тіршілігінің базары кайнай түскен. Десе де, әлі елді мекен мәртебесін алуға тұрғындар саны жетпейді. Заңдылық бойынша ондай мәртебе тұрғын саны 50 адам болғанда беріледі. Қазір мұнда 34 адам өмір сүріп жатыр. Ал елді мекен мәртебесі берілмеген ауылға мемлекет тарапынан қаржы тартып, инфрақұрылым жүргізілмейді.

– Мен бұдан бұрын Қауыққа келгенде тұрғындар өз өтінішін жеткізді. Әсіресе, көпшілікті таза ауызсу жағдайы қинайды екен. Біз мүмкіндік көзін қарастырып көрдік. Жергілікті өндіріс орындарына демеушілік көрсетуге өтініш білдірдік. Нәтижесінде аудандағы іргелі өнеркәсіп ошағының бірі «СКЗ-У» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қолдау көрсетуге ниет танытты. Нәтижесінде ауыл тұрғындарының көп жылдан бергі арманына айналған ауызсу мәселесі алдағы уақытта толығымен шешілетін болды. Биыл жергілікті жұрт «Талап» топтық су құбыры игілігін қорға алады. Айта кетерлігі, таза су Аққұм станциясына келіп тұр. Қауыққа сол жерден тартылады, – деді аудан әкімі Руслан Рүстемов жұртшылықпен жүздесуінде.

Кейінгі жылдарда ауданда таза ауызсу игілігін көрген тұрғындар саны артты. Осы орайда «Талап» топтық су құбырының пайдасы тиіп отыр. Қазір 12 елді мекен тұратын 14 мыңнан астам адам таза суға қол жеткізді. Олардың қатарында Кейден және Аққұм ауылдары да бар. Енді мұндай игілікті Қауықтағы көпшілік те қорғады.

Ауыл тұрғыны Сабырхан Божбанбаев көпшіліктің негізінен мал және егін шаруашылығымен айналысатынын айтты. Оның ішінде бақша өнімдерін өсіруге де ден қойған. Мемлекет тарапынан берілетін құрамдағы іек артып отырған ешкім жоқ. Қауықта тұратын 7 отбасы сыйрдың басын 100-ге дейін жеткізіп, одан мол өнімге негіз қалап отыр.

– Біз әрдайым еңбек еткенді жөн көреміз. Жаз бойы картоп, бақша өнімдерін өсіреміз. Жылма-жыл 5 гектарға ескен картопты күзде алыс-жақынға саудалаймыз. Биыл ауылдан 2 адам мал шаруашылығын дамыту мақсатында қайтарымыз несие алды. Осындай тынымсыз тірліктің арқасында Қауықта атаулы көмек алатын отбасы жоқ екенін айта кетейін. Шүкір, аудан басшылығы тарапынан біздің мұн-мұқтажымыз ұмыт қалған емес. Бұдан бұрын балаларды көрші ауылдағы мектепке тасымалдайтын көлік мәселесі шешілсе, енді таза ауызсуға қол жеткізетін күн алыс емес. Тәуелсіздік жылдарында елімізде шағын ауылдардың да түйіскілі тарқатылып келеді. Бізге қолдау білдірген барша азаматтарға алғысымызды айтамыз, – деді ол.

Қуаныштысы, Қауық тұрғындары өзге ауылдар секілді ұялы байланыс игілігіне қол жеткізіп отыр. Осы мақсатта биыл Аққұм елді мекенінде 3G базалық станциясы орнатылды. Енді қос ауылдың тұрғындары алыс-жақындағы ағайынмен емин-еркін байланыса алады.

Қауықта болған қысқа уақытта осындай жарасымды істі көзіміз шалды. Аққұммен екі аралықтағы жолдың өзіне қиыршық тас төселіп, көлік қатынауына оңды жағдай туған. Елдің ертеннен үміт

күтетінін байқадық. Өзге өңірлерге қоныс аударған кейбір азаматтар қайталан ауылға келуге ниет танытты. Қауықта жаңа заман үлгісімен бой көтерген тұрғын үйлер саны да арта түсіпті. Шағын қоныстың шырайы кіре бастағанын көңілімізді жылытты.

АУЫЛДА ОРКЕСТР ҚҰРҒАН АЙСЫНОВ

Жаңақорған жұртшылығы жергілікті өнер жанашыры Бәден Айсынов есімін жақсы біледі. Ауылдық жердегі мәдениет саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ол бүгінге дейін игілікті істердің басы-қасында жүреді. Биыл жетпіс бес жасқа келген қарияның қолынан домбырасы түскен емес.

Ол кісі «Октябрь» ауылындағы №54 орта мектепті тәмамдап, одан кейінгі жылдарда Шымкент музыка училищесін, Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын бітірді. Өнер өлкесінде өз өрнегін салған азамат алдымен Құрманғазы халық аспаптар оркестрінде еңбек жолын бастаған. Шет елдерде және еліміздің көптеген өңірінде өнер көрсетті. Бұдан кейін Жетісай және Қызылорда қалаларында басшылық қызметтер атқарып, 1981 жылы туған топыраққа қайта қадам басты. Талап елді мекенінде өнер мектебін ашуға бастамасы болып, оған отыз жылдан астам уақыт бойы жетекшілік жасады. Сол жылдарда өзінің отбасылық ансамблі құрды. Ансамбль беріде халықтық көркемөнер ұжымы ретінде көпшілікке кеңінен танылды. Ауылда белгілі күйші Әлшекей атындағы халықтық ұлт-аспаптар оркестрін құрып, алғашқы күннен оған көркемдік жетекші болды. Екі өнер ұжымы да республикалық деңгейге дейін көтерілді. Алыс-жақындағы жұртшылық жергілікті өнерпаздардың деңгейін жоғары бағалады.

– Халқымызда «Ел іші – өнер кеніші» деген сөз бар. Ұзақ жылдар бойғы қызметімде оған сөзімді айқын жеткіздім. Талантты жастардың өнер өлкесінде өрнек салуына жол аштым. Өзім жетекшілік ететін отбасылық ансамбль де көптеген байқауларда жоғары орыннан көрінді. Атап айтқанда, 1993 жылы Павлодар қаласында өткен республикалық отбасылық ансамбльдер сайысында жеңімпаз атанып қайттық. Ал 2018 жылы елордамызда өткізілген

республикалық шарада еліміздің әр өңірінен келген 13 отбасының арасында үздік болдық, – деді ол.

Жергілікті өнерпаздар Жаманбай Батыр ауылдық округіндегі мәдениет үйінде көпшілікке концерттік бағдарламасын ұсынды. Ансамбль мүшелері елімізге танымал және жергілікті композиторлардың шығармаларын нақышына келтіре орындады. Топ құрамында тәжірибелі мамандармен бірге жастар мен жасөспірімдердің бар екенін байқадық. Белгілі ұжымның өнері өрістеп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

ЖЕМІС АҒАШТАРЫ ЖАЙҚАЛҒАН БАҚ

Қаратаудың баурайында қоныс тепкен Бесарық ауылы жасыл желек егуге өте қолайлы. Елді мекенге кірген сәтте жайқала өскен сан алуан ағаштарды көріп, көңіліміз көтеріліп қалғаны рас. Таудан аққан өзен суы жерге еңкейген бағбанның несібесін молынан бұйыртып келеді. Ауылда бау-бақша дақылдарын егіп, одан толайым табыс тауып жүргендер бар. Кейінгі жылдарда елді мекенде жеміс ағашын егуге ниет білдірген тұрғындар саны арта түскен. Сондай-ақ, осы ауылда туып-өсіп, кейіннен



жыраққа кеткен кейбір азаматтар да туған топырақтың түлеуіне қал-қалерінше үлес қосып келеді.

Бес жыл бұрын жергілікті азамат Сейілбек Өмірбеков «Марс» шаруа қожалығын құрып, елді мекен іргесінен 27 гектар алқапқа бау-бақша дақылдарын егуге кірісті. Алғашқыда көңілде алаң болғаны жасырын емес. Ауылдағылар да «Қалай болады екен?» деген күдігін білдірген. Тәуекелге бел байлаған азамат алма ағашының бірнеше түрін екті. Оған қоса өрік, алмұрт, жүзімге көңіл бөлді. Қанша жылғы қарекет текке кеткен жоқ. Көшеттер бой көтерген сәтте көңілдегі алаң да сейілді. Қазір жеміс ағаштары жайқала өскен бау алыстан менмұндағалайды.

– Өкем өмірден өткенмен, ол кісінің алға қойған мақсатын ағам екеуіміз жалғастырдық. Қайсыбір жылғы көшеттер бүгінде еңселі биік жеміс ағаштарына айналды. Жылма-жыл мол өнім аламыз. Оған сұраныс та артып келеді. Біз бұл кәсібімізді алдағы уақытта да дамыта түсуді ойлап отырмыз. Көптеген жеміс көшетін алып келдік. Олардың кейбірі еш жағдай жасалмаса да өседі екен. Ендігі бірінің сырын білмей жатқан секілдіміз. Десе те, әрбір ісімізден тәжірибе жинап жатырмыз. Жалпы, жасыл желек жанына ерекше сезім сыйлайды емес пе? – деді Марс.

Ауылдағы «Пәзілбек қажы» шаруа қожалығы да бау-бақша өсіруге көңіл бөліп отыр. 2017 жылы құрылған қожалық артаратандыру бағытында суды аз қажет ететін дақылдарға маңыз беріп келеді. Осы мақсатта облыс орталығындағы Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен бірігіп оң нәтижеге қол жеткізді.

Қожалық төрағасы Самат Сапарбеков бау-бақша, өзе де дақылдарды егу ісі жөнінде кеңінен әңгімелен берді.

– Алғашқыда 5 гектарға алма бағы егілді. Оның ішінде 1,2 мың түп алма ағашы бар. Ғалымдармен ақылдаса егілген жергілікті климатқа сай келетін «Голден Делишес», «Смирненко», «Старкримсон» секілді сорттар қазір жайқалған жеміс мақсары өсіруге ман бердік. Өздеріңіз көргендей, ол әрбір дақылдың тамырында ылғалды ұзақ сақтауға оң өсерін тігізді. Өнімнің мол болуына жол ашады, – деді ол.

КӨНЕНІ КӨЗІНДЕЙ БОЛҒАН ДИІРМЕН

Баспасөз туры барысында аудандағы ұлттық ойындардың даму барысымен таныстық. «Жаманбай Батыр» ауылдық округінде тұратын жастардың арасында спорттың аталған түрінен республикалық жарыстарда топ жарып жүргендер бар. Солардың бірі – Әбдіәсірдин Файзулла бірнеше жылдан бері аударыспақпен айналысып, көптеген жүлдеге қол жеткізді. Оның айтуынша, алғашқыда ол көкпарға қызығушылық білген екен. Десе де, беріде аударыспақтың да қыр-сырына қанықты. Ел жақында Тараз қаласында өткен республикалық жарыста 68 келі салмақта алтыннан алқа тағып қайтты. Нәтижесінде Азия чемпионатына жолдама алып, ұлттық құрама мүшелігіне қабылданды.

Облыста ұлттық ойындарға бейімделген жаңақорғандық жастардың саны басым. Көкпардан бірнеше білекті жігітміз ел біріншілігінде аймақ намысын қорғап келеді. Оған қоса аударыспақ, тенге ілу секілді әбжілдікті, шымырлықты, жинақылықты қажет ететін сайыс түрлерінен де қоржымымыз бос қайтқан емес. Жалпы, жас буынның жылқыға жақын болғандығы бізді қуантады. Олардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді, – дейді аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Махмұд Рахымжанов.

Журналистер аталған баспасөз турында Қаратау қойнауында орналасқан су диірмені жұмысымен танысты. Жергілікті өлкетанушы Үмбетәлі Әбібуллаев бізге өткен ғасырдың отызыншы жылдарында тау ішіндегі Бесарық өзені бойында осындай 62 диірменнің болғаны жөнінде деректер келтірді. Кезінде Ысқақ, Айсын, Бетман есімді азаматтар иелік еткен мұндай орындар ұзақ жылдар бойы тау суының күшімен өнім шығарып келді. Жергілікті кәсіпкер Марат Әділкерімов солардың бірінің жұмысын қайта жандандырды. Бұл – жас ұрпаққа өнеге боларлық іс.

Сабантой салтанаты



Мейірім мен қуанышқа толы, жарқын сезімге бөлейтін Сабантой мейрамы биыл да ерекше салтанатпен тойланды. «Достық үйінде» өткен мерекелік шараға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысты.

Молдір КАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

– Тәуелсіздікпен бірге шаңырақ көтерген облыстық татар этномәдени бірлестігі еліміздің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосып келеді. Мәдени салт-дәстүрді жаңғыртуға атсалысып, бабадан қалған бай мұраны сақтап қалуға барын салуда. Баршаңызды еңбек пен береке, бірліктің негізіне айналған айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Қоғамдағы достық пен келісімді нығайту, рухани адамгершілік құндылықтарды насихаттап, өңіріміздің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген еңбектеріңізге алғыс білдіремін, – деді Мира Жомартқызы.

Тек татар ғана емес, бір шаңырақ астында тұратын барлық этнос өкілдерін біріктірген мерекеде ұлттық тағамдар ұсынылды. Сонымен қатар Шымкент қаласынан келген Науля Хузева, Гүлнұр Файрузова секілді меймандар

музыкалық ән шашуын тарту етіп, кештің көркін қыздырды. Ұлттық ойындар да ұйымдастырылды. Татар этномәдени бірлестігінің жетекшісі Ғалия Ғизатулина мерекенің мән-мағынасына, сабантойдың негізіне айналған сыңған құмыра дәстүріне кеңінен тоқталып өтті. Сондай-ақ, бұл мереке шағын ұлттық думан деңгейінен халықтың береке-бірлігін дәріптейтін, этностарды біріктіретін өзгеше мерекеге айналып үлгіргенін жеткізді.

Сабантой – егін егіп, көңілі жайланған ағайынның көл-көсірі қуанышы. Татар тілінен аударғанда «жер өңдеу тойы» деген мағына білдіреді. Мерейлі мейрамның тарихы да тереңде. Нәпақасын еңбектен тапқан татар этносы көктемгі егіс науқанын ойын-сауыққа ұластырған. Оның астарында да егін біткі шықсын, жиын-терім мол болсын деген халықтың ақ тілегі жатыр.

Жаңа кезеңге жолдама



Сенбі күні облыстағы барлық білім ордасында мектеп бітіруші түлектерге аттестат тапсырылып, 11 жыл білім алған шәкірттер мектептен қоштасты. Оқу озаттары «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегері атанды.

Өмір жолындағы ең маңызды кезеңге қорытынды жасаған олар үшін аттестат білім жолындағы жаңа кезеңге жолдама сынды. Ерекше күнде түлектердің қуанышына ортақтасқан облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова Қызылорда қаласындағы №218 мектепке барып, шәкірттерді құттықтады.

Білім ұясында 16 оқушы 11-сыныпты аяқтап отыр. Оның 3-і «Алтын белгі» иегері. Оқушылардың барлығы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, көпшілігі жоғары балл иеленуде. Салтанатты шарада түлектер әннен шашу шашса, ата-аналар ақ тілектерін арнап, шәкірттер ұстаздарына алғысын білдірді. Басқарма басшысы мектеп бітіру салтанатынан кейін білім ұясының жағдайымен танысып, сыныптарды аралап, ұстаздармен тілдесті.

Айта кетейік, аймақта биыл 7007 оқушы мектеп бітірді. Оның 597-і «Алтын белгі» иегері атана, 493-і «Үздік аттестат» иегері.

«СБ» ақпарат



тициялары мен технологиялары тартылуы нәтижесінде мүмкін болды. Әрбір жана жоба жүзеге асырылған сайын мұнай саласы өз қуатын және әлеуетін ұлғайта түседі.

Мұнай қорының көлемі Қазақстанда 90-жылдардан бері 5,3 млрд баррельден 30 млрд баррельге дейін өсті. Еліміз мұнай экспорттаушы көшбасшы елдердің қатарына қосылып, әлемде мұнай қоры бойынша 12-орынға және газ қоры бойынша 22-орынға

Сыр өңірі Қазақстанның болашақ мұнай орталықтарының қатарында аталды

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Мұнайлы өлкеңің дамуына Қызылорда облысын басқарған бірінші хатшы Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің, кейін оны алмастырған Сейітбек Шаухамановтың елеулі үлес қосқанын аға ұрпақ жақсы біледі. Оларкөшіптіңоблыстың аумақтық бөлінісінен тысқары жерінде игеріліп жатуына орай одақтық басшылыққа шығып, Қарағанды жерін ұзақ мерзімге Қызылорда облысына беру жөнінде шешімнің шығуына қол жеткізді. Мұндай шешімнің кейін облыстың әлеуметтік-экономикалық салада болсын, жана бағытта дамуына елеулі ықпал жасаған еді.

Саланың табысы сол кезде республикадағы бірінші салынған диагностикалық орталық пен аурухананың құрылысына жұмсалды. Бұл орайда Мәскеумен, Орталық министрлікпен келісімге келудің оңай болмағанын бүгінде жыр етіп айтуға болады. Көп ұзамай ортақ жүйе құлап, Қазақстан тәуелсіздігін алды. Осынау қиын сәттердің экономикалық берекесіздікке ұласқанын біз жақсы білеміз. Мұнайшылардың өніміне көптеген шаруашылықтар қаржылай есеп айырыса алмады. Барлығы заттай алмасуға көшті, қарыздар ай санап емес, күн санап ұлғайды. Осы тұста Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мұнай өндірісін шетелдік ірі компанияларға сату жөнінде бірден-бір дұрыс шешім қабылдады. Солардың қатарында «Оңтүстікмұнай-газ» алдымен канадалықтарға, кейіннен қытайлықтарға сатылды.

Жалпы Қазақстанның мұнай өндірісінің тарихы ғасырдан астам уақытты қамтиды. 2019 жылы Қазақстан отандық мұнайдың 120 жылдық мерейтойын атап өтті. Елімізде алғашқы кен орны ашылғаннан бері 300-ден аса мұнай кен орны игерілгені. Бұл Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық дұрыс шешім қабылдап, мұнай саласына «Шеврон», «Аджип», «Шелл», «Тотал», «СНПС» сияқты әлемдегі ең озық компаниялардың инвести-

циялары мен технологиялары тартылуы нәтижесінде мүмкін болды. Әрбір жана жоба жүзеге асырылған сайын мұнай саласы өз қуатын және әлеуетін ұлғайта түседі.

көтерілді. Қазіргі мұнай өндіру көлемі 3,5 есеге артты.

Жалпы айтқанда, тәуелсіздік жылдары ішінде 1,5 млрд тоннадан астам мұнай және 740 млрд текше метрден астам газ өндірілді. Ұлттық қорға кірістердің жалпы көлемі 33 трлн теңгені құрады. Мұнай және газ тасымалдау жүйесі толығымен дамытылды. Каспий мұнай құбыры арқылы «Теніз», «Қашаған», «Қарашығанак» кен орындарынан мұнайды экспорттауға ең қысқа жол мен тиімді экономикалық жағдайлар қамтамасыз етілді. Қытайға экспорттық бағыт ашылды. Сонымен, экспорт көлемі 5 есеге ұлғайып, оның бағыты 36 елге кеңейтілді. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры салынды, «Түрікменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай» ірі газ транзиттік дәлізі ашылды. 2018 жылы Қытайға газ экспорты басталды. Мұнай өңдеу зауыттарын инновациялық жаңартуға жалпы 6 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестициялар тартылды. Мұнай өнімдерінің ішкі нарығы жоғары экологиялық стандарттарға сәйкес өнімдермен толық қамтамасыз етілді.

Қазір Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өндіріс деңгейін жүйелі негізде арттыруымыз қажеттігіне назар аударды. Бұл орайда мұнай өнімдері өндірісінде жаңғыртудың нәтижесінде еліміздегі барлық үш зауыттың мұнай өңдеу қуаты ұлғайды.

Бұл ретте ҚР Президенті ішкі нарықты мұнаймен қамтамасыз ету мәселесіне назар аударды. Ішкі нарықты мұнаймен қамтамасыз ету, негізінен, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының кен орындары есебінен жүзеге асырылып отыр. Мұнай өңдеу зауыттарындағы мұнай көлемінің азаю қаупі бар. Ресурсты тиімді пайдалану үшін Үкімет нақты ұсыныстар енгізуі қажет, - деп атап өткен еді Мемлекет басшысы.

Ел экономикасы үшін мұнай-газ-химия саласының әлеуеті зор. Әлемдік тәжірибеде мұнай-газ-химиясына салынған әрбір доллар экономикаға 2-3 доллар өсім береді



және 7 жаңа жұмыс орынын құруға ықпал етеді. Бүгінде, осындай әлеуеті зор жобалардың ішінде 8 газ-химия инвестициялық жобасы пысықталып жатыр. Олардың жалпы құны 12 млрд АҚШ долларынан асады. Оның ішінде полипропилен және полиэтилен жобалары тау шетел арасындағы полимер өндірісінің ең ірі жобалары болып есептеледі.

Қазақстанның орталық және солтүстік өңірлерінің 171 елді мекені, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласын табиғи газбен кезең-кезеңімен қамтамасыз ететін Сарыарқа магистральдық газ құбырының құрылысы кестеге сай жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда 778 шақырым құрайтын құбыр дәнекерленді. Жылдың соңына дейін магистральдық құбырының құрылысы аяқталатын болады. Мәселен, 2025 жылға дейін Исатай, Абай, Жәніс, Қаламқас-Теніз бен Хазар жобаларына салынатын инвестициялардың жалпы көлемі 5 млрд АҚШ долларынан асып жығылады. Теңіздегі жобалармен қатар еліміздегі аз зерттелген перспективалы аумақтарда геологиялық барлауды жандандыру жоспарланып отыр. Энергетика министрлігі мен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 2021-2025 жылдарға Геологиялық барлау бағдарламасын қабылдайды.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев геофизикалық және геологиялық жұмыстарға отандық компанияларды көптеп тарту қажеттігін ескертті. Отандық компаниялардың геофизикалық және геологиялық жұмыстардағы үлесі не бәрі бестен бірді ғана құрайды. Аталған қаражаттарды пайдаланудың нақты әрі ашық тетіктерін әзірлеу қажет. Ол үшін тиісті институттық инфрақұрылым айқындаған жөн. Бұл жерде инновация мен жана технологияларды ынталандыру, зерттеулерді қаржыландыру үшін үлкен резерв бар - деп атап көрсеткен еді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ғасырдан астам уақыт өтсе де, мұнай-газ саласының әлеуеті әлі де зор. Ол қарқынды

дамы отырып, жаңа сапалы деңгейге көтеріліп келе жатыр. Оған да маңызды мәселені атап өткіміз келеді. Зерттеулер бойынша Қазақстанның болашақ мұнай орталықтары ретінде Қостанай, Түркістан және Қызылорда облыстары аталуда. Елімізде негізінен Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан геологиялық базалар өзектендіріліп, оның сапасын арттыру мақсатында жаңа база құрылатын болады.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің хабарлауынша, мемлекет өз қаражаты есебінен жер қойнауына терең геологиялық зерттеулер жүргізу ісіне кірісіп кетті. Осы барлаудың ерте сатыларында анықталған перспективті алаңдар туралы геологиялық апарат деректер базасына енгізіледі. Олар отандық, шетелдік жеке инвесторлар үшін ашық жарияланады. Қазіргі кезде негізінен, еліміздің батыс өңірлері - республикамыздың «мұнай орталығы» саналады. Бірақ Энергетика министрлігінің мәліметінше, шамамен 40-50 жылдан кейін әлемдік алыптар қатарына саналатын «Теніз», «Қашаған» және «Қарашығанакты» «қара алтын» сарқылады. Сол тұста олардың орнына келетін жаңа ірі мұнай кен орындары ашылуы мүмкін. Ендігі жерде Қызылорда, Қостанай, Түркістан облыстарының ресурстық базасын кеңейту мақсатында бұған дейін аз зерттелген шөгінді бассейндерге және мұнай-газ ресурстық әлеуетіне зерттеу жүргізіледі. Шөгінді бассейндер шегінде мұнай-газ жиналуының жана көкжиектері ашылады және жана мұнай-газ қабаттары анықталады. Шығыс, Орталық, Солтүстік Қазақстандағы монокалалардың манында минералдық-шикізат әлеуеті геологиялық зерттеуден өткізіледі.

Осылайша мемлекет «қазіргі кезде мұнай қарқынды өндіріліп жатқан басты өңірлерді 2040 жылдан кейін ауыстыру» үшін қажетті көмірсутектің жана ресурстық қорын түзететін болады. Осы арқылы елдің ғасыр ортасынан кейінгі энергетикалық

қауіпсіздігін кепілдендіріп, отын-энергетикалық кешеннің орнықты дамуына жол ашалады. Бұл міндеттер Қазақстанның геология саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленіп отыр.

Жерасты қазынасына жауапты министрліктің дерегі бойынша осы бесжылдықта казак жеріндегі бес аз зерттелген аймақта - Солтүстік Торғайдың, Ертіс маңының, Арал, Сырдария және Шу-Сарысу шөгінді бассейндерінің шікізат әлеуеті бағаланады. Осы өңірлер жерінің астында қанша көлемде мұнай мен газ жатқанына геологиялық-геофизикалық зерттеулер жасалады. Бұдан бөлек, Қазақстанның шығыс (Зырян, Риддер, Серебрянск) және орталық (Жезқазған, Сәтпаев) аймақтарындағы монокалалар жанында ірі ауқымда іздеу және іздеу-бағалау жұмыстары қолға алынады. Бұл осы монокалалардың металға қатысты шікізат базасын толықтырып, олардың өркендеуіне тың серпін беру үшін қажет. Өз кезегінде «қара алтынның» мол қорын табу үшін «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы Каспий маңы шөгінді бассейнінің шығыс және оңтүстік бөліктерінің, Манғышлақ және Оңтүстік Торғай бассейндерінің, Каспий теңізінің казакстандық секторындағы Солтүстік және Оңтүстік бөлігінің терең қабаттарына бұрғы салуды. Бұл аймақтар - осы 5 жыл ішінде мемлекеттік мұнай операторының басшылықтағы бағдарына айналады. Бұған дейін тым аз зерттелген 4 шөгінді бассейн аясында: «Солтүстік Торғай» бассейнінде - 17,4 мың шақырым, Аралда - 4,5 мың шақырым, Сырдарияда - 3,1 мың шақырым, Шу-Сарысу шөгінді алаптарында 7,9 мың шақырым көлемінде сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарланады. Осы зерттеулердің нәтижесінде тірек-параметрлік ұнғымалар бұрғыланады. Осы бесжылдықта жалпы ауқымы 34,08 мың шақырым бойында күні бүгінге дейін

толыққанды зерттелмей келген шөгінді бассейндерге қатысты геологиялық-геофизикалық жұмыстар жүргізіледі. Мұның ауқымын ұғыну үшін айта кетелік: яғни, Бельгия, Армения, Молдавия, Израиль, Катар, Ливан, Черногория секілді елдердің тұтас территориясына тең аумақта «қара алтын», «көгілдір отын» және басқа да пайдалы қазба қазыналары ізделеді. Геологтар қазақстандық осы аумақта мұнай және басқа да шікізат мол екеніне сенімді. Сондықтан Қостанай, Қызылорда, Түркістан облысы және басқа өңірлер жана бағдарламаға қазба байлық іздеудің перспективті аумақтары ретінде кіріп отыр. 2021-2025 жылдар аралығында геологиялық барлау саласына 1 триллион теңгеге дейінгі қомақты инвестиция құйылады деп күтілуде. Осынау кен көлемді зерттеулер қорытындысында алынған геологиялық материалдар ашық әрі қолжетімді болады. Егер қазіргі болжамдар расталып, мол ресурстар табылып жатса, оларды әрі қарай тереңірек барлап, игеруге қазақстандық және шетелдік инвесторлар шақырылады деп күтілуде.

Жалпы, «Қазақстанның геология саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін мемлекет 5 жыл ішінде 165 миллиард 890,2 миллион теңге салуды жоспарлап отыр.

Мемлекеттің жоспарлау стратегиясы Орталық атқарушы және жергілікті биліктің ұстанымдарымен үйлесімді болуы қажет екені белгілі. Бұл орайда облыс басшылығы да тиісті жұмыстарды қолға алуда. Белгілі себептермен Қызылорда өңіріндегі мұнай компанияларында мұнай өндіру көлемі соңғы жылдары күрт төмендеп кетті. Бұл, сайып келгенде, облыстың өнеркәсіп әлеуетінің біршама кемюіне ықпал жасады. Қазіргі таңда осыған орай облыстың 2021-2022 жылдарға арналған мұнай-газ саласын дамыту жөніндегі Жол картасы жасалуда. Аталған мерзімде жер қойнауын пайдаланушылар 79 жана бұрғыны іске қосады деп жоспарланады. Алдағы уақытта Арал теңізі акваториясының «Батыс», «Шығыс» учаскелеріне сейсмикалық зерттеу жүргізіліп, 2022 жылы пайдалы қазбаны игеру қолға алынады.

Мұнайдың бүгінгі жағдайына келейік. Пандемияға байланысты әлемде қалыптасқан күрделі ахуал біршама жақсарса бастады. ОПЕК+ көлемінде тиісті шешімдер қабылданды. Жыл көлемінде мұнай өндіру көлемі біршама қысқарды. Нәтижеде баға көтерілді. Бағаның көтерілуі Қазақстан экономикасының бюджеттің табыс көзінің артуына ықпал жасады. Сапаршылар 2021 жылы мұнай бағасы барреліне 60 доллардан төмендемейді деген пікір айтады. Бұл, әлбетте, Қазақстанға қолайлы. Қазақстанда 2020 жылы 85,7 млн тонна мұнай және конденсаты өндірілді. Сол 2020 жылы Қазақстан 68,5 млн тонна мұнай экспорттады. Оның ішінде 15,8 млн тонна мұнай қайта өңделді. Бұл көрсеткіш 2021 жылы 17 млн тоннаға жетеді деп күтілуде.

Мұнай Қазақстан үшін басты игіліктің көзі болып қала береді. Оның қатарында Сыр өңірінің болуы болашақ көкжиегіміздің жарқын екеніне айғақ болады.

БАҒДАРЛАМА БАЯНЫ

Жол картасы биыл да жалғасады

Быттыр карантинге қарамастан, құрылыс қарқыны тоқтамалы. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында бірнеше жылдан бері жөндемеген білім ордалары жаңартылып, жолдар асфальтталды, мәдениет, спорт нысандары, тұрғын үйлер бой көтерді.

Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Ең бастысы, жол картасының жүзеге асуы 10 мыңнан аса адамның жұмыспен қамтылуына ықпал етті. «Жұмысызбын» дейтіндердің саны әлдеқайда азайды. Сондай-ақ, қала мен даладағы өмір сапасын жақсартып қана қоймай, көшелерде жаз бойы жалғасқан қызу еңбек, жолдардың жөндеуі, шаһар эстетикасының артуы індет келгелі көңілі алаң жұртқа жақсы әсер сыйлады.

Сандарды сөйлетсек, облыста өткен жылы жол картасы аясында 291 жобаға қаржы бөлінді, 10 116 жұмыс орынын

құру жоспарланған. Быттыр жеке толық орындалып, 10124 адам қызу еңбекке кірісті. Еңбекақыға келсек, 85 мың теңгеден кем болмауы тиіс орташа жалақы мөлшері 88 242 теңгені құраған.

Күрделі уақытта жүзеге асқан жол картасы тұрғындарды жұмысыздықтан құтқарып қана қоймай, ең қажетті нысандардың жаңғыртылуына себеп болды. Нәтижесінде 32 нысанның құрылысы жүргізіліп, 26-сы қайта жаңғыртылды, 195-і ағымдағы және орташа, 38-і күрделі жөндеуден өтті. Жол карта-



сы тұрғын үй-коммуналдық саладағы проблемалық мәселелердің шешілуіне де септігін тигізді. Облыс аумағында 35 шақырым жылу желілері жаңғыртылып, 179 әлеуметтік нысан және 711 көпқабатты тұрғын үй үздіксіз және сапалы жылумен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, 174,1 шақырым жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен 3 көпір жөнделіп, 3 елді мекенге газ

тартылып, 2 елді мекен таза сумен қамтамасыз етілді. Бұл өз кезегінде шағын және орта бизнестің дамуына оң әсерін тигізді.

Мұнан бөлек, 6 мәдениет және 9 спорт нысаны салынып, Сексеуіл елді мекенінде жаңадан бой көтерген 2 мектеп білім беру сапасының артуына, оқушылардың өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 36 отба-

сы 2 көпқабатты тұрғын үйге қоныстанды.

Айталық, бір ғана Қазалы ауданында 42 жоба іске асты. Бағдарлама шеңберінде Ғ.Мұратбаев ауылына табиғи газ барды, Ақсуат ауылында 150 орындық клуб салынып, мектептің жылу жүйесіне күрделі жөндеу жүргізілді.

Жалпы мұнан өзге барлық ауданда әлеуметтік нысандар жаңғыртылып, күн сал бұзылып, жаңбыр сіркіресе балшыққа айналатын жолдардың жағдайы жақсарды. Ал, облыс орталығындағы 200-ден астам көшеде жол жөнделіп, орталықтан бөлек, шеттегі Әлі-Фараби, КБІ секілді шағын аудандарда асфальт көрмеген Көктем, Әшірбеков сынды жолдар тақтайдай тегістеліп, көркі кіріп қалды.

Жол картасы биыл да жалғасады. Бюджеттік инвестициялық жобаларға 4,4 млрд теңге қаржы бөлінген.

Әйтеке би, Жаңақорған кенті және Қызылорда қаласы бойынша 6 жоба жүзеге асады. Төртеуі білім нысанының құрылысы болса, оның ішінде үшеуі жаңадан салынады, біреуінің құрылысы өткен жылы басталған. Мұнан бөлек, Қызылорда қаласындағы Залинейная, Комсомол шағын аудандарында электрмен қамту қосалқы станциялар қайта жаңғыртылады. Айта кету керек, бұл жобалар бойынша мемлекеттік сатып алу енді жүргізілетіндіктен, жұмыстар алдағы айларда басталады.

Жол картасы биыл да пандемия кезіндегі ең басты мәселенің бірі - тұрғындардың жұмыс табуына ықпал етпек. Жоспар бойынша 1376 жұмыс орын ашу көзделген. Бұл ретте жергілікті қамту үлесі 90 проценттен, жалақы мөлшері 85 мың теңгеден кем болмауы басты назарда ұсталады.

ЖОЛСАПАР

Танерген Аралдан шыққалы ақ «Нива» бір тынбады. Өзі де сәлден соң ұзақ жолды ауырсынғандай жүйкеге тиер сырыл қосты. Жолсерік жігіт газды ышқынта баса да, «бар қауқарым осы» дегендей жүрісін өндітпеді. Ал мендегі асығыс – кешке дейін Сырдағы қуаншылық қысқан ауылдарды аралап үлгерем бе деген ой.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Тағы да тілшілік тіршілік. Тағы да сусыз көл мен отсыз жердің жайы. Ал осы екеуі қосылғанда мал бабы жайлы жайбарақат айту тым қиын-ау. Иә, сапар көңіліздеу басталған еді.

Азанмен Сапақ, Аралқұм, Қамыстыбас ауылының үстімен өткенбіз. Ұлы жолдың екі жағы көк атаулыдан биыл жүрді. «Бұл байғұстар не тауып жүр екен» деп кездескен төрт түліктің бәріне жабырқай қарайсың. Әсіресе, түйе көп мұнда. Жерден бірдене шалып жеген болады. Былтыр ғана бес жасар баладай көрінген бұлардың қос өркені қазір тым салбыраңқы. Ал өлі жүні биыл түспейтін секілді...

Қамыстыбастағы темір жол өткелінен өткенде бір үйір жылқы жол жиегінде тұр. Саяқ жүрген деуге де келмейді. Мен де үйір деп жұмсартпа салдым-ау, әйтпесе, мұндағы Қамбар ата тұқымының қатары селдір.

Апырмай, үйірге ерген құлын аз екен-ау. Үш-ақ төл. Тірсегі майыса қалтырайды. Қалтырамай қайтсын, биеде сүт жоқ. Әлсін-әлсін енесінің бауырын түрткенмен, езуі көбіктенбейтінін құлыншақ қайдан білер?! Әсіресе, шеткері тұрған қасқа құлынның қимылы әлсіз. Көкке тойып, ойнақ салар оның «балалығы» жұтандық арасында жүр.

Рас, көргеніміз қонды емес. Құйрық-жалы сұйылған. Бір сөзбен айтқанда, жүдеу малдың сиқын менің денем тоңазиды. Тіпті, күн шақырайып тұрса да, Құм суыра беретін мұндағы ыстық жел аузы-мұрнымыз әлдеқашан бітеп еді. Қышырлата тістесінісін. Оның да кімге екені белгісіз...

481 бас мал өлген, бірақ...

Қуаншылық кесірінен қырылған малдың дерегін көрсетер цифрға әлсін-әлсін қараймыз. Көрек іздеп, тартылған көл мен дария жиегіндегі қалың батпаққа батқан біздегі шығын дәл осындай ма?! Тоқтай тұрғыңыз, елді мекендерді аралауда бұдан көп шығын барын жергілікті тұрғындардың өзі-ақ айтып берер еді.

Бірақ, жоғарыдағы есепті түгендеп алсақ қайтеді?! Жақында ғана Аралға қарасты кент және ауылдық округ әкімдерінің мәліметімен өлген малдың есебі шығарылған. 321 бас жылқы, 159 мүйізді ірі қара, бір түйе. Осыларды қоссаңыз, тақырыптағы цифр шыға қояды. Ойдан алмағанымызға осы дәлел.

Ал, мал өлімінің бұдан да көп болуы мүмкін деген күдігімізді ауылдағы ағайынның өзі де растап берді. «Білмейміз, қалай боларын ауа дұрыс емес пе, әлде басқалай себебі бар ма?! Әйтеуір, шаңды дауыл, суырған құмнан көз ашпаймыз. Табиғаттың тосын мінезіне төзіп-ақ келеміз. Биыл қар да болмады, жанбыр да жаумады. Қара бұлт үйіріліп келіп, булыққан күйі жөңкіле басқа жаққа көшеді. «Жауса ғой» дейтін жұрттың тілегі бос қалып жатыр. Бұрынғы атабаба дәстүрімен тасаттық та берілді. Халық судан, мал оттан тарықса, алдағы он жылда мұнда ел қалмауы да мүмкін. Үдере көшіп, қолдағы ба-

– Бір ғана Бекбауыл ауылдық округіне Құмбазар, Үкілісай сияқты елді мекендер кіреді. 10 мыңдай төрт түлік бар мұнда. Ауданда мал шығыны бойынша біздің округ алда тұр. 64 сиыр, 47 жылқы өлімін тіркедік. Бұның ішінде шаруа қожалығының да, жеке адамның да малы бар. Барлығын ақтілеп, есебін

Әрі қыстан әлсіз шыққан мал бұл маңайдан не тауып жейді?! Айналасың бәрі ай тақыр. Аймақта қуаншылық пен су тапшылығы қатты сезіліп тұр. Есімде әлі, 2017 жылы осы ауыл айналысындағы көлдің бәрі шіреп тұрды. Одан кейінгі жылдары дария деңгейі біртіндеп төмендей бастады. Бұған қар мен жанбырдың бол-

ауыл әкімі сөйлесіп, шөп шабуға, қыстық мал азығын алуға өзара келісіп отыр. Сосын мына ауыл маңына «Барсақал-мем» мемлекеттік қорығының шекарасы тақалып тұр. Оған мал да кіргізе алмайсың, отын да шаба алмайсың. Ауыл маңында жайылымға тарлық ететін осындай мәселелер бар, – дейді Қаратерен ауылының ақсақалы Мінәжат Биманов.

өздерін қамтамасыз етері анық. Тіпті, көл маңындағы құрақ ауысса, көрші ауылдарға да көмектесер едік» дейді ол.

Іскерлігі арқасында қарамағындағылардың мәселесін оң шешіп жүрген ауыл әкіміне біздің де көңіліміз тоғайғаны рас.

Сырдария сарқылды деп жайбарақат отырмаймыз

Ел ішіне кірмес бұрын аудандық әкімдікке аялдағанбыз. Аралға басшы болғалы ай толмаған Серік Сермағамбетовтің дәл қазір жайбарақат отыратын уақыты жоқ секілді. Қолы сәл қалт еткенде кездесіп үлгердік. Осындағы ахуал жайлы пікірін білдік.

– Биыл орын алып отырған қуаншылық аудандағы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға кері әсерін тигізіп отыр. Дария деңгейінің төмендеуі, қар мен жанбырдың түспеуі біздің малдың күйін шаршаттып тұр.

Барлығына белгілі, біздегі негізгі кәсіп – мал шаруашылығы. Статистикалық есепте 931-ден аса шаруа қожалық болса, оның 700-ден астамы мал шаруашылығына тиесілі. Судың болмауы шабындық жерлерге өз әсерін тигізуде. Қосымша күннің аптап ысуы да шаруаға оңай болмай тұр, – дейді Арал ауданының әкімі.

Ауданда төтенше жағдайдың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезектен тыс отырысы өткен. Малдың азығын дайындау жөнінде мәселе әлі де күн тәртібінде тұр.

– Бірінші кезекте елді мекендер бойынша мал қыстату үшін жем-шөп қорын жасақтау жұмыстарын тоқтатпау. Осы бойынша көршілес Ақтөбеге қарасты Ырғыз бен өзінің көрші аудандармен келісім жасау үшін тиісті шара ұйымдастырып жатырмыз. Кешегі күнге дейін 576 тонна жоңышқа сатылды. Қосымша 502 тоннаға тапсырыс берілді. 120 тонна жем жолда келе жатыр. Еріктілер және ветеринарлық топ құрып, ауылдық жерлерде қосымша жұмыс істеуде. Ескеретін нәрсе, біздегі мал шығыны белгілі бір індеттен емес, осы қуаншылықтың кесірі, – дейді аудан әкімі.

Айтпақшы, былтыр осы ауданда жайылымдық жерлерді суландыру үшін бұрынғы су көздеріне түгендеу жұмыстары жүргізілген еді. Нағыз суды қажет ететін ауылдардағы 49 су ұңғымаларының (скважина) координаттары алыныпты.

– Қазір бұлақтың көзін ашқанмен, оны заңды түрде құжаттандыруымыз қажет. Ол бойынша жауапты бөлімдер айналысып жатыр. Су ұңғымаларын қайта қазсақ, малшы қауымға көп көмек болары анық. Мойындау керек, мал басының азауы орын алды. Ол анық нәрсе. Бірақ, жем-шөптен қамту мәселесі күзге дейін, қажет болса, одан әрі де жалғаса берілді. Су азылды деп жайбарақат отыра алмаймыз. Төрт түлікті жақсы жайылым жерлерге ауыстыру, көрші аудандармен келісіп, өріс сурау мәселесін де шешіп жатырмыз, – дейді Серік Сермағамбетов.

«Кәсіп аш, мал өсір, өнімін сат» деп айтамыз-ау. Бірақ елдегі қуаншылық бұған деген ықпалыңды төмендетіп тұр. Неге? Күні кешеге дейін кәсіпкерлік арқылы несие алып, 10-15 жылқы, сиыр мен тірлігін бастаған кейбір тұрғындар «енді қайтеміз?» деп дағдарды. Шөптің бағасы тым асқақтап тұр. Ал, жемнің нарқы одан да қымбат. Ащы мысқылмен айтсақ, екеуінің де құны ауылдағы ағайынның «сәлемін алмайды». Дәл қазіргі уақытта Аралдағы төрт түлікке 7 жарым мың тоннадан астам шөп керек. Бұған қоса, 64 мың тонна жем қоры жиналуы тиіс.

Елдегілердің тілегі біреу ғана. Әлі де арзан мал азығын көбейту. Иә, ірі қожалықтар мұндайда амалын табары анық. Қолдағы жарамды малын сатып, көрші аудандардан тапсырыспен тонналар алдырып та жастыр. Бірақ, бәрібір өз жерінде құнығын жайылмаған малдың қоны мұнымен жақсы болып кете ме деген сұрақ осы мазалайды. Барлығында да осы ауыр ой ғана...

...Ақ «Нива» кері қайтты. Сағат кеңі жеті болса да, мұндағы аптап қайта қоймаған. Қуаншылық кеулеп тұр. Қасқа құлынның халі қалай болар екен?!

Арал ауданы

ҚУАНШЫЛЫҚТА ТУҒАН ҚҰЛЫНШАҚ



рын аз пұлға сатады. Сата алса жақсы ғой. Қазір ауылда қозылы кой не бұзаулы сиырын өткізе алмай жүрген адам көп. Құр өлтіріп алғаннан, аз болса да ақшаға айналдырамы деген ой ғой. Басқа амал не?!» дейді Жанакұрылыс ауылының тұрғындары.

Рас, қырдағы көп ауыл қолдағы малына жем-шөп таппай қиналуда. Мысалы, Құланды, Беларан, Мергенсай ауылдық округтерінде жылқы, сиыр және қойды нарықтағыдан төмен бағада сатып жатқанын да есіттік. Онда да алушы адам аз. Ал жұтаған малдың өлімі де, өлекесі ең далада көп болып тұр.

– Өзіміздің шаруашылықтағы малдың өлімі жетерлік. 150 бастан астам жылқы шығыны бар. Қыста қар жоқ, сәл жауған қарды қарлаймын деп, ішіне топырақ кеткен жылқы көп. Одан қалды, бізде қара суық бар. Жүдеу малдың өкпесі зақымданса, белгілі ғой. Өкпесіне су толған жылқы кешегі ыстықта өз-өзінен құлайды емес пе? Соңғы күні өлген бес-алты байталдың жағдайы дәл осындай. Өкпесі суға толы. Ал 50-60 бас сиыр, 40 шақты бұзаудың өлімі жұрттағыдай. Жүдеу мал өзінің тамағын таппай жүргенде, төлін қайдан жарылқайды?! Балшыққа батып, қонын жимай кеткен мал бұл ауылда жетерлік, – дейді Жанакұрылыс ауылындағы «Қожағұл ата» шаруа қожалығының төрағасы Елнұр Елшекенов.

Әр ауылдағы жауаптылар әлі де өлген малдың санын дұрыс жүргізбейтіндей көрінеді бізге. Өйткені, елді мекендерден сұрастырғанымыздай, төрт түліктің шығынын есептегенімізде олар көрсеткен жоғарыдағы цифрдан асып кетері анық. Екінші жағынан, көбісі қорасындағы малын есепке қоймайды немесе тіркеуден шығармайды. Шығынның нақты санын дүдәмәл күйге түсіретіні де осыдан.

бердік. Малдың өлімінің бір ғана себебі – көтерем болуы. Ақпан айында қай-қайсысында да тым қатты жүдеуі басталды. Соңы осындай жағдайға тірелгенің бәріңіз де білесіздер, – дейді ауылдағы ветеринарлық пункт меңгерушісі Солдатбай Түрікпенов.

Ветеринар маманның айтуынша, өлген малда ешқандай жұқпалы ауру белгілері болмаған. Сонда да барлығы талапқа сай мал қорымында өртеліп, көмілген. Өзірше ендігі амал – қалған малдың амандығын сақтау үшін жақсы жайылым ауыстыру және жем-шөп қорын көбейту.

Көтерем көп, көкке ілінбеген...

Қазір Аралдағы ауыл әкімдері шөпке тапсырыс беру жұмысымен шапқылап жүр. Жақында ғана Қамбап мен Аманөткел ауылында шөп сату жәрмеңкесі өткені белгілі. Жоңышқаның бумасы 1000 тенгеден сатылды. Қымбат болса да, қолындағы қарасын сақтап қалуға ұмтылған жұрт көп мұнда. Тіпті, аса жағдай болмаса да 5-10 түйірлеп сатып алғандар бар. Өйткені, осы малдың рақатын көрем деп отырған ауылдағы ағайынның өзге амалы да жоқ еді.

Ал Аманөткел ауылдық округінің әкімі Қайрат Әбдірамановтың сөзіне сенсек, ауылдың айналасындағы көлшік атаулының барлығы тартылып кеткен. Жұрттың да, түліктің де мазасы қашқан.

– Бар мәселе белгілі ғой. Қуаншылық құртып тұр. Біздің ауылдың өзінен 46 бас жылқы, 35 бас сиыр көтерем болып өлді. Бұл тіркеуде тұрғандары ғана. Ал негізгі көрсеткіш бұдан да көп болуы мүмкін. Дұрысы, су жағалап, балшыққа батқан мал көп. Тартылған көлдің ұлтанынан кері шыға алмайды. Неге десеніз, тым жүдеу малдың батпақтан өзін суырып алар күші жоқ.

мауын тағы қосыңыз, – дейді ауыл әкімі.

Ол осы жағдайдан соң тұрғындар арасынан кезекшілік ұйымдастырды. Екі адам болып ауыл айналасындағы сорға батқан малды қарап жүреді. Көрген жағдайда иелеріне хабар беріп, әлдері келгенше шығарып алып жатыр. Ал шөп жеткізу бойынша әкім Жалағаш, Қармақшы ауданындағы кәсіпкерлермен өзі сөйлесіп жүр. Өйткені, шаруа қожалықтарын есептегенде, ауыл тұрғындарына 600 тоннадай шөп қажет.

– Әр тұрғын, мысалы, біреуге 200, енді біреуге 50 дана жоңышқа керек болуы мүмкін. Аманөткелдіктердің шөпке деген тапсырысы 1000 данаға жеткенде арнайы көлік тіркесімінен келеді. Жем де солай. Біз соны делдалсыз, жерінен арзан бағада жеткізуге тырысамыз. Бұл мәселе облыс, аудан әкімдігінің жіті назарында тұр, – дейді Қайрат Әбдіраманов.

«Қызғаншақ» қожалықтар

Бұлай деуіміздің себебі бар. Қазір көп ауыл маңайындағы жайылымдық жерлердің көбі осындай қожалықтардың қарамағында тұр. Жайылым жері мен көлі бар мұндай аймаққа жеке тұрғындардың малы атпап бастайды. Дұрысы, бастырмайды. Өйткені, олар жерді ұзақ мерзімге жалға алған. Әрі мынадай қиындықта оның өз малына су да, шабындық шөп те жетпей мүмкін. Аман жоқ, тарылуға, яғни, «қызғануға» тура келеді.

– Олар мемлекетке белгілі салығын төлеп отырған соң, жерін сақтауға тырысады, бірақ, бұл жерде екінші мәселе бар. Ол ауыл адамдарының азын-аулақ түлігі қайда барып жайылады деген сұрақ. Көп ауылға қиындық тудырып жүрген мәселе – осы. Бірақ, біздегі шаруашылықтармен



● МЕРЕЙ

Жарты ғасырдан астам ғұмырын агросаланы дамытуға арнаған ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Хасый Жамантқұлы 80 жасқа толды. Ғалымның мерейлі жасына орай Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында конференция өтті.

Агрохимия саласының білгірі



Жиында агрохимиктің әріптестері мен шәкірттері оның топырақтану ғылымындағы қолтаңбасын айрықша атап өтті.

Хасый Жамантқұлының ең елеулі жетістіктерінің бірі – фосфор тыңайтқыштарын қолдану жөніндегі еңбектері. Кандидаттық, докторлық диссертациялары да соған арналған. Бұл кісінің тағы бір үлкен жетістігі – Аралдың құрғаған табынына тұзға төзімді шөп түрлерін өсіру. Ғалым халықаралық жобаға қатысып, бірнеше жыл сол жақта экспедицияда болып, үлкен жетістіктерге жетті, – деді ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Құрманбек Бөкірұлы.

Топырақты тұздандырмаудың тиімді тәсілін тауып, оны ғылыми тұрғыда дәлелдеген Хасый Жамантқұлының тәжірибесін Сыр диқандары кеңінен қолданып жүр. Қаратау фосфоритінен алынатын жана тыңайтқыштарды күріш дақылына қолдану арқылы өнімділігін арттыруға қол жеткізді. Сонымен қатар, Израиль, Германия ғалымдарымен бірге Арал теңізінің құрғаған тұзды табанын өсімдік жамылғысымен жабу технологиясын әзірледі. Зерттеу тәжірибесінің негізінде үш томдық кітабы басылып шықты.

Конференцияға арнайы келген Алматы Инновациялық зерттеулер мен технологиялар институтының директоры Қажымұқан Арынов мерейтой иесінің ғылымға берілгендігі, қажырлылығы, еңбекқорлығын айрықша атап өтті.

Өсіресе ғалымның тұрақтылығы, заман ауысып жатса да, өз таңдаған сүйікті ісіне берілгендігі қайран қалдырады. Фосфор тыңайтқыштарын күріш егуде қолдануды, топыраққа, қоршаған ортаға әсерін терең зерттеген. Дүниежүзілік жаңа бағытты, жаңа лепті сезініп, соған қарай бет бұрып, күріштің қалдығынан компосттар алып, соны қолданып, шөлейттенген өлкені қалпына келтіру, көгалдандыру істеріне үлкен үлес қосып жүр, – деді Қ.Арынов.

Ғалым Х.Жамантқұлы Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында 52 жыл табан аудармай еңбек етті. 1969 жылдан аға ғылыми қызметкер, лаборатория меңгерушісі, агрохимия бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. Қазір институттың «Агротехнология, мелиорация және топырақтану» бөлімінің бас ғылыми қызметкері.

Мен 140 ғылыми еңбек жаздым. Олар әлемнің 15 елінде жарық көрді. Қызылорда топырағы тұзданғаннан кейін өнімділікті қалай арттырамыз деген үлкен мәселе болды. Сол жолды тапқан болдым. Ғылыми жұмыстың түйіні – органикалық егіншілік. Бұл дегеніміз – топырақ құнарлығының сапасы мен мөлшерінің жергілікті климаттың небір құбылысына шынығып, тұрақты қалыптасуы арқылы оны түрлі өзгерістерге қарсылық жасайтын жағдайға жеткізетін жаңа жүйе. Бұл – дүниежүзілік стратегия. Оған Қазақстан да қосылды, – деді ғалымның өзі.

Шара барысында ғалымға ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіподағының бірінші дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісі табысталды.

Жанболат ӨМІРЗАҚ

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылорданың аялы», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

● КӘСІП пен НӘСІП

Бауырсақ – бургер

Қызылорда қаласының тұрғыны Нұрсұлтан Қалмағанбет «Бауырдақ» қазақы фаст-фуд желісін ашты. Заманға сай дәстүрлі ас дайындаумен ерекшеленетін орталықтың ас мәзірінде ұлттық тағамдар да бар. Ашылғанына аз уақыт болса да, келушілер қатары артып келеді. Тұтынушыларға шұбат, қымыз, қымыран, айран секілді ұлттық сусынды ұсынылады. Жас кәсіпкер 10 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

– Қазір үлкен де, кіші де фаст-фуд өнімдерін қолданады. Сондықтан болар сұраныс жоғары. «Өз тағамдарымызды қайта жаңғыртып, сұранысқа сай неге бейімдемеске?» деген ой содан туындады. Ерекшелігі – бургердің орнына бауырсақты қолданамыз. Көлемі үлкен бауырсақтың ортасынан бөліп, оған қойдың майы мен бауыр салып, дәмдеуіштер қосамыз, – дейді ол.

Мұнда бургердің 8 түрі бар. Бәрі де бауырсақтан жасалады. Ішіне сиыр, тауық еті, қойдың бауыры, қазы қосылады. Бағасы да көңілге қонымды. Нұрсұлтан өскелең ұрпақ ұлттық тағам, сусын түрлерін біліп, дәмін татып өссе дейді.

Байқалғандай, соңғы кездері қалада ұлттық асханалар көбейген. Қытай, корей, ұйғыр, өзбек ұлттық дәмханаларына сұраныс артқан. Атаулары да сол елдің тілінде. Өсіресе, жастар корей ұлтының сусынын сүйіп жейді, тапсырысын алдырып жатады. Жарнамада да ерекше. Желіліктер де қарастырылған. Қоңырау шалсаңыз болды, үйіңізге әкеліп береді. Бойға



аса сіңімді болмаса да, ақшасы келетіні аз. Тағамдарымыз тойымды, денсаулыққа пайдалы. Мәселен, жаубүйрек, жөргем, жұмыр, қуырдақ, мипалау, нарын, түймеш, үлпершек, шұжық, бұқтырма сынды ұлттық тағамдар қайта жаңғырып, дәстүрлімізден табылса, құба құп болар еді. Ұлттық тағамдарымыз дайындалатын асханалар ашылып жатса, насихаты мен жарнамасы, үйлестіруі ұтымды болса дейсің. Бастысы, жас кәсіпкердің жаңа бастамасы көпшіліктің талғамынан шықты.

Кәсіпкер жергілікті шаруалармен келісімге келген. Таза шикізатты ешқандай қоспасыз күйінде жеткізіп береді. Енді ол алдағы уақытта ұлттық тағам түрлерін көбейтуді көздеп отыр. Сонымен қатар келешекте ас мәзірінде тек ұлттық тағамдар ғана бар мейрамхана ашуға ниетті.

● ОЙТАРАЗЫ

Онлайн мамандық уақытша ма?

Қазір әлеуметтік желі «қолыңнан келсе, кәсіп қыл» деп тұр. Instagram-да «Онлайн курсыма қатыссаң, он күнде маман, үш күнде мықты адам қылып шығарамын» дегендей, бірінен-бірі өткен жарнамаларды сіз де көрген боларсыз. Он күнде маман болып шығу неғайбыл десек те Instagram мол табыстың көзі болып тұрғаны рас.



Әлеуметтік желінің келуімен қатар вайнер, блогер, SMM маманы, таргетолог, копирайтер ұғымы сөздік қолданысымызға енді. Жастар, әсіресе онлайн оқуға көшкен студенттер мен үйде отырған аналардың арасында блогер болуға шындыр кіріскендер көбейді. Әзілқештер мен фуд-блогерлерден бөлек, келіндік міндетін көпшілікке жариялап, танымал болғандар да аз емес. Ал Instagram-да танымал болу,

оқырман көбеюі табыс табудың бірінші шарты десек те болады.

Бүгінде пайдалы посттардан бөлек, мағынасыз видеоларымен-ақ табысын еселегендер, сонымен көпшілікті қызықтырғандар көп. Әлеуметтік желі арқылы пайда табу заманның талабы ма, әлде бұл да өтпелі кезең бе? ҚазҰУ студенті әрі бренд визуализатор маманы Гүлай Әшекова онлайн мамандық тек қосымша болуы керек дейді.

Жансауле АБДУЛЛА, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің II курс студенті

SERGEK

● ФУТБОЛ

Өткен жұмада футболдан Еуропа чемпионаты жалауын көтерді. Құрлықтық долада үздіктер өзара тартысқа түсуге мүмкіндік алды.

Жанкүйерлер футбол тойымен қайта қауышты

Беделді бәсеке биыл он алтыншы мәрте өткізілуде. Алғаш рет ол 1960 жылы ұйымдастырылды.

Аталған турнирдің негізінде 2020 жылы 12 маусым мен 12 шілде аралығында өткізілуі жоспарланған болатын. Былтыр әлемді жайлаған коронавирус инфекциясына байланысты бір жылға кейін шегерілді.

Дүбірлі дода тарихында тұңғыш рет аталған турнир Еуропаның 10 мемлекетінде орналасқан 11 стадионда өткізілді. Ол беделді бәсекенің 60 жылдық мерейтойына орай осындай ереже бойынша ұйымдастырылуда. Сондай-ақ, биыл барлығы 24 құрама сығға түсуде. Әрбір топтан үздік екі команда мен көрсеткіші жоғары төрт құрама жарысты жалғастыруға мүмкіндік алады.

Өзірге төрт топтағы құрамалар алғашқы тур ойындарын өткізіп үлгерді. А тобында Италия Түркиядан 3:0 есебімен басым түссе, Уэльс пен Швейцария 1:1 есебіне қанағат білдірді. Ал В тобында Бельгия Ресейді 3:0, Финляндия Данияны 1:0 есебімен тізе бүктірді. С тобында Нидерланды Украинадан 3:2, Австрия Солтүстік Македонияны 3:1 жеңді. Ал D тобында Англия Хорватиядан 1:0 есебімен айласын асырып кетті.

Айта кетейік, дүбірлі дода 11 маусымда басталып, 11 шілдеде мәресіне жетеді.

Аздаған үзілістен кейін футболдан Премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігі қайта жалғасты. Қызылорданың «Қайсары» өз алаңында Түркістанның «Тұранның» қабылдады.

Жаңа бапкердің алғашқы қадамы

Бұл – қазақстандық белгілі маман Владимир Никитенконың басшылығымен өткен алғашқы ойын. Ол бұған дейін қызылордалық клубтың тізгінін екі мәрте ұстаған еді. 2008 жылы ел біріншілігінде команда төртінші орынға табаң тіресе, 2012 жылы оның жетекшілігімен «Қайсар» премьер-лигадағы орнын сақтап қалды. Владимир Никитенко – еліміздегі тәжірибелі мамандардың бірі.

Аталған кездесуде қос команда бір-бірінің қақпасынан саңылау таба алған жоқ. Осылайша 0:0 есебіне қанағат білдіріп тартасты.

Енді жерлестеріміз келесі ойынның 19 маусымда сырт алаңда Ақтаудың «Каспийіне» қарсы өткізеді.

● ЖЕКПЕ-ЖЕК

Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында жекпе-жек сайысынан ересектер арасында өткен әлем чемпионатында қызылордалық Бақытбек Үмбетқұлов 90 келіде қола жүлдегер атанды.

Әлемдік додада – қола жүлдегер

Б.Үмбетқұлов – ҚР спорт шебері, Қазақстан чемпионаттарының, халықаралық жарыстардың жеңімпазы және жүлдегері.

Айта кетейік, ол биыл сәуір айында Ақмола облысында жекпе-жек сайысынан өткен ел біріншілігінде жеңімпаз атанған еді. Енді қазан айында Ресейдің Владивосток қаласында өтетін Азияның ашық чемпионатына дайындықты бастайды.

«СБ» ақпарат